

Бірлесіп жұмыс атқару жөніндегі келісім шарты

Жезказған қаласы

«__» _____ 202 ж.

Кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдердің ата – анасы немесе заңды өкілі ретінде «Талап ауылының №14 ЖББМ» КММ директоры А.С.Игенов бірінші жақтан одан әрі екінші жақтан «Футболдан облыстық БЖСМ» КММ негізінде әрекет ететін директоры Сулейменов Серік Болатбекұлы арасында бірігіп, ынтымақтасып жұмыс істеу арқасында тәрбиеленушілердің дене шынықтыру және спортпен айналысу арқылы бос уақытын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын қалыптастыру және оқушылар арасында бұқаралық спортты одан әрі дамыту мақсатында ықпал етеді деген келісімге келіп, өз құзыретінде әрекет ете отырып, Тараптар төмендегідей келісім шартқа отырды.

1. Шарттың мәні

1. «Қазақстан Республикасы білім беру туралы заңдарын», «Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау туралы заңдарын», «Қазақстан Республикасы дене шынықтыру және спорт туралы заңдарын» басшылыққа алып, Тараптардың ынтымақтасып жұмыс істеуі осы Шарттың мәні болып табылады.

2. Тараптардың өзара әрекеттесу тәртібі:

- 2.1. Тараптар бірлесіп осы Шартты жүзеге асыруға бағытталған жұмыстарды жүргізеді, сонымен қатар, олардың жұмыстарын реттейтін құжаттарда бекітілген мәселелерді шешуде бір-біріне көмек көрсетеді.
- 2.2. Тараптар өзара қызығушылық тудырған мәселелер бойынша ақпарат алмасады.
- 2.3. Тараптар осы Шарт аясында ұсынылған кейбір ақпараттарды жария етпеуге міндеттенеді.
- 2.4. Тараптар өз өкілеттіктеріне кіретін мәселелер бойынша өзара кеңестер береді, әдістемелік ұсыныстармен, өз жұмыстарының нәтижелері туралы ақпараттық-анықтамалық материалдармен алмасады.
- 2.5. Тараптар осы Шарттың мәніндегі мәселелер бойынша бірлесіп спорттық іс-шаралар, конференциялар, кеңестер, семинарлар ұйымдастырып, өткізеді және олардың жұмыстарына қатысады.

3. Тараптардың өзара әрекеттесуі:

3.1. Талап ауылының №14 ЖББ мектебінің міндеттері мен құқығы:

- 3.1.1. «Талап ауылының №14 ЖББМ» КММ спорт залын пайдалануға.
- 3.1.2. Оқу-жаттығу сабақтарын жоғары деңгейде өтуіне жағдай жасауға.


3.2. «Футболдан облыстық БЖСМ» КММ-нің міндеттері мен құқығы:

- 3.2.1. Тәрбиеленушілердің бос уақытында футболдан қосымша оқу – жаттығу сабақтарын өткізуге.
- 3.2.2. ҚР және шет мемлекеттерде болатын республикалық және халықаралық жарыстарға тәрбиеленушілердің қатысуына байланысты құжаттарды рәсімдеу мәселесі бойынша ҚР заңнамалары шеңберінде жағдай жасау.
- 3.2.3. Спорт секциясына қатысатын балалардың денсаулығы мен өміріне қауіпті жағдайлардың алдын-алуға.

4. Қорытынды:

- 4.1. Келісім – шартқа енгізілетін кез-келген өзгерістер мен толықтырулар тек жазбаша түрде екі жақтың өкілдерінің келісімімен жүзеге асырылады.
- 4.2. Келісім шарт екі данада жасалған, бір данасы «Талап ауылының №14 ЖББ мектебіне» КММ де, екінші данасы «Футболдан облыстық БЖСМ» КММ де сақталады.

Келісім шартқа қол қойған тараптар:

«Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебі» КММ басшысы
 А.С.Игенов

«Футболдан облыстық БЖСМ» КММ басшысы
 С.Б.Сулейменов